



Автор: Укибасова Жумакул Амиржановна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып


Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 , ... және 0,1; 0,01; 0,001 ; ... көбейту және бөлу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.29 Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000;... және 0,1; 0,01; 0,001;... сандарына көбейту және бөлу ережелерін қолдану
Сабақтың мақсаты:	Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; ...көбейту және бөлу ережелерін өздігінен тұжырымдайды; Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; ...көбейту және бөлу ережелері мен алгоритмін біледі және қолдана алады.
Бағалау критерийлері:	- Ондық бөлшекті 10, 100, 1000... және 0,1, 0,01, 0,001... сандарына көбейту және бөлу ережесін біледі; -ауызша жылдам есептей алады; -шамалардың бірі екіншісінің қанша бөлігін құрайтынын түсінеді
Құндылықтарды дарыту:	Денсаулық сақтау және мәдениеттің ұлттық жүйесін табысты дамытудың ең маңызды шарты
Пәнаралық байланыс:	Жаттығу орындау барысында биологиямен байланыс

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру сәті. «Мен саған тілеймін» тренингі арқылы психологиялық ахуал қалыптастырамын. II. Үй тапсырмасын тексеру. Миға шабуыл әдісін қолданып фигураларға есептер беріледі және сол фигураларға сәйкес орындарын табады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Ауызша жаттығу</p> <p> $0,6 \cdot 4$ $0,05 \cdot 6$ $0,08 \cdot 9$ $0,25 \cdot 4$ $0,5 \cdot 8$ $0,6 : 2$ $0,8 : 4$ $7,2 : 9$ $0,12 : 4$ $0,35 : 7$ </p> <p>Жауаптар</p> <p> $0,05 \cdot 6 = 0,3$ $0,6 \cdot 4 = 2,4$ $0,08 \cdot 9 = 0,72$ $0,25 \cdot 4 = 1$ $0,5 \cdot 8 = 4$ $0,6 : 2 = 0,3$ $0,8 : 4 = 0,2$ $7,2 : 9 = 0,8$ $0,12 : 4 = 0,03$ $0,35 : 7 = 0,05$ </p> <p>10,100,1000, ... -ға көбейту және 0,1; 0,01; 0,001; ...-ге бөлу ережесі Ондық бөлшекті 10, 100, 1000, ... көбейту немесе 0,1; 0,01; 0,001; ... бөлу үшін ондық бөлшектің үтірін «онға» сәйкес 1, 2, 3, ... орынға жылжыту керек</p> <p>Image not found or type unknown</p>  <p>0,1; 0,01; 0,001; ...көбейту немесе 10,100,1000, ... бөлу ережесі Ондық бөлшекті 0,1; 0,01; 0,001; ... көбейту немесе 10, 100, 1000, ... бөлу үшін ондық бөлшектің үтірін «солға» 1, 2, 3, ... орынға сәйкес жылжыту керек</p> <p>Амалдарды орындаңдар</p> <p> 1) $3,705 \cdot 10 = 37,05$ 2) $22,7 : 10 = 2,27$ 3) $2,35 \cdot 100 = 235$ 4) $0,0058 \cdot 1000 = 5,8$ 5) $48,5 : 100 = 0,485$ 6) $5,6 : 1000 = 0,0056$ </p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	<p>Тапсырма 2. Қатені табыңдар :</p> <p>1) $54,26 : 10 = 5,426$ 2) $0,5162 \cdot 100 = 51,62$ 3) $740 : 100 = 7,4$ 4) $4,2 \cdot 1000 = 4200$</p> <p>Тапсырма 3. Нәтижесі натурал сан болуы үшін бөлшекті қандай санға көбейту керек? 7,1; 0,5; 3,52.</p>	